



ПРИОЗЕРСКИЙ Вестник

18+

№ 46/638

15 ноября 2019 года

газета издаётся с 26.06.2004 года

Ақорда жаңалықтары

ASTANA CLUB ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫҚПАЛДЫ АЛАҢҒА АЙНАЛДЫ

Елордада екі күнге созылған Astana Club-тың пленарлық отырысы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өтті. Елбасы жиында сөйлеген сөзінде бүгінгі Еуразиядағы геосаяси жағдайға әсер ететін қауіп-қатерді атады.

Тұрақтылықтың тұғыры биік болуы үшін бірігу керек

Кезінде Елбасының идеясымен құрылған Astana Club жаһандық сын-қатерлерді еңсеруге мүмкіндік беретін шешімдер қалыптастыру және іздестіру үдерісінде таптырмас алаңға айналды. Биыл бесінші мәрте ұйымдастырылып отырған айтулы шарада әлемдік ірі державалар АҚШ, Қытай және Ресей арасындағы қырғи-қабақтың ушығуы, сауда протекционизмі мен популистік көңіл күйдің артуы, сондай-ақ Иран мен Солтүстік Корея төңірегінде жаңа шиеленістердің бой көрсетуі сынды ауқымды мәселелер кенінен сөз болды.

Елбасы алдымен форумға қатысушыларға, соның ішінде атақты саясаткерлер мен сарапшылар және дипломаттарға Astana Club-тың бесінші отырысына келгендері үшін алғысын білдірді. Халықаралық диалогтық платформалар жүйесінде Astana Club бірегей ықпалға ие екенін атап өткен Елбасы бүгінгі сын-қатерлерді еңсеруде үлкен Еуразиядағы ынтымақтастықтың жаңа перспективаларын ашу үшін ашық, шынайы диалог қажет екенін атап өтті.

Әр жыл сайын клуб отырысында Нұрсұлтан Назарбаевтың «Үлкен Еуразия»

идеясына жан-жақты талдау жасалады. Елбасы бұл ұсынысын алғаш рет 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының мінберінен айтқан болатын. Биыл да клуб отырысының тақырыбы «Үлкен Еуразия: жаһандық

«Үлкен Еуразия» атты жаңа геосаяси құрылымда бірыңғай алаң болып отырғаны қуантады, – деді Елбасы.

Елбасы әйгілі ойшыл Арнольд Тойнбидің мына сөзін мысалға келтірді:



ынтымақтастықтың жаңа құрылымы жолында» деп аталып, әңгіменің ауаны осы тақырып төңірегінде өрбіді.

– Еуразияда қауіпсіздік пен тұрақтылықсыз ешкім де ұзақмерзімді дамуға қол жеткізе алмайтынын жақсы білеміз. Сол себепті әр мемлекет даму үлгісін тар шенберге шектемей, Еуразиялық кеңістікте саралауы керек. Тек сонда ғана Еуразия құрлығына топтасқан елдер өз әлеуетін арттыра алады. Дәл осы ретте біздің клуб

– Тарихтың сын-тегеурініне қарсы жауап тапқан әрбір қоғам дамиды, түптің-түбінде жеңіп шығады. Тарих – қатал экзаменатор. Тарихта көптеген мемлекет бұрыс немесе орынсыз әрекеті үшін жауап беруіне тура келді. Бір елдің немесе аймақ-тың ғана емес, тұтас адамзаттың келешегі бүгінгі сынақтан қалай өтетінімізге байланысты болмақ. Тек күш біріктіру арқылы ғана жаңа қауіптер мен тегеуріндерге қарсы тұра аламыз, – деді Н.Назарбаев.

Елбасы өз сөзінде Еуразиядағы сын-қатерлерге жекелей тоқталып өтті.

– Еуразиядағы геосаяси жағдайға жағымсыз әсерін тигізетін қауіптер жайлы көзқарасымды білдірсем деп едім. Алдымен бізді келе жатқан дағдарыстан хабар беретін әлемдік экономикадағы ахуал алаңдатады. Бұл факторлардың барлығы әлемдік тұрақтылықты теңселтіп, Еуразия елдеріне қатты ықпал етіп отыр, – деді Н.Назарбаев.

– Әлемдік державалар арасындағы бәсекелестік жаңа деңгейге шықты. Өзара санкциялар, сауда соғыстары – АҚШ пен ҚХР-дың қазіргі қарым-қатынасының қалыпты жағдайына айналып кеткен. Агрессивті риторика, экономикалық санкция – Батыс пен Ресей арасындағы негізгі қатынас тілі болып тұр. Тұрақты коммуникация арналарының болмауы ахуалды одан сайын қиындатып отыр. Жетекші державалардың арасындағы текетірес автоматты түрде Еуразияның ыстық нүктелеріне ауысып отырады. Бұл жағдай Сирия мен Украинадағы мәселені бейбіт түрде шешу амалдарын қиындатады. Ал Брексит соңғы уақыттың негізгі антиинтеграциялық оқиғасына айналды, – деді Елбасы.

Қауіпсіздіктің жалпы континенттік архитектурасын қалыптастырудағы негізгі тәсілдерді сыни тұрғыдан қайта ойлау қажет екенін айтқан Елбасы бірқатар практикалық шара ұсынды...

Дерек-көз: www.egemen.kz
Жарияланғанның толық мәтінімен
2019-жылдың 13-қарашасындағы
сайттан оқуға болады

ЫСЫРАП – КҮНӘНІҢ ҮЛКЕНІ



Жуықта елордадағы «Ханшатыр» сарайында еліміздің дін өкілдері мен имамдарының басын қосқан форум өткендігінен баршамыз хабардармыз. Осынау үлкен форумға қаламыздағы мешіттің бас имамы Дәуіт Сейтқалиұлы Қожахметов те қатысып қайтқан болатын. Дін өкілдерінің форумында осы саладағы көптеген түйткілді мәселелер ортаға салынып, оның шешімін табу жәйттері сөз болды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Серікбай қажы Сатыбалдыұлы Ораз форумға жиналғандар алдында өзекті мәселелер туралы баяндама жасап, өз ойларымен бөлісті. Соның ішіндегі қазақстандықтардың, әсіресе қазақтардың құдай жолына берілетін ас-садақаларды аста-төк ысырапкершілікпен, той секілді өткізетінін сынға алды. Әрине, бұл түйт-кілді мәселенің

соңғы жылдары халық арасында бәсекеге айналып, көпшілік жұрттың наразылығын туғызып жүргені еліміз тұрғындарының бәріне аян болатын. Бас мүфтидің осы сыны мен ұсынысы жиналғандардың көңілінен шығып, үлкен қолдау тапты. Дін өкілдері мен имамдар өздері жасап, қызмет етіп жүрген аймақ-тарда бұл мәселені насихаттап, халықты ысырапкершіліктен бас тартуға үндейтіндіктерін айтып тарақты форумнан.

Қаламызда жұма, сенбі және жексенбі күндері қайтыс болған жандардың әруағына құрмет ретінде жетісі, қыркы, жылында құдай жолына садақ-ас беретін кезде қала тұрғындарының басым көпшілігі жиналады. Өткен аптаның жұмасында қала мешітінің имамы Дәуіт Сейтқалиұлы жиналған көпшілік алдында дін өкілдерінің форумында айтылған мәселелер бойынша уағыз айтты. Ондағы көтерілген басты мәселе, тағы да ысырап жөнінде болды. Атап айтқанда, өткен жылдың соңында бұл мәселе қаладағы ақсақалдармен бас қосып, астардағы ысырапшылыққа жол бермеу керектігі талқыланып, барлығының қош-тауымен құдай-жолы-астарда солға қойылатын тағамдардың түрі белгіленіп, ықшамдауды жүзеге асыруға бәтуаласқан еді. Әуелгі кезде қала жұртшылығы бұған түсіністікпен қарап, қабылданған шешім жүзеге аса бастағаны да рас. Алайда, уақыт өткен сайын құдайжолы-асқа қойылатын дастарқан мәзірі тағы да толыса түскені байқалады. Осыған орай имамымыз қала тұрғындарын тағы да ысырапқа жол бермеу жаын қайталап айтуға мәжбүр болды. Оған қоса еліміздің бас мүфтиінің форумда айтқан тапсырмасы да бар.

– Құрметті жамағат, дін өкілдерінің бас

қосқан форумында бас мүфтиіміз Серікбай қажы Ораз бұл мәселені мықтап тапсырды. «Біз, қазақ бауырлар, үйімізден ең жақын адамдарымыз, біріміздің ата-анамыз, екіншіміздің бауырымыз немесе балаларымыз, яғни ең қымбат жандарымыз дүниеден өтіп, қайғы-қасірет жамылып отырғанда, оған берілетін құдай жолы-аста «басқалардан қалып қоймайын, дастарқаным олардан кем болмасын, жұрттан ұят болады» деген оймен әруақты шығарып салу, қыркын, жүзін және жылын беру дастарқанын той дастарқанынан асырып жіберетін күйге жетті. Ұяласқ, өзінің қазасының артын той дастарқанына айнал-дырып отырған әруақтың алдында ұялайық. Қайғы жамылған үйдің қасіретін бөлісудің орнына, аста-төк дастарқаннан тоя тамақ жуеден, құран оқылып болғасын дастарқанда қалған ет пен тағамдарды жинап алып, сөмкемізге салып, жұтатып кетуден ұялайық. Әруақ болған жақындарымызға біздің дастарқанымыздың толы болуы маңызды емес. Әруақтың бейсембілік дастарқанына күнделікті өзіміз тұтынып жүрген тағамдардан артық ештеңе қоймауға шақырамын. Бұның бәрі Пайғамбарымыздың хадистерінде де, ата-бабадан қалған дәстүрімізде де жоқ, жұрттың шығарып алған жалған әдет-ғұрпы ғана. Тіпті, шамаң келмесе ештеңені елең қылмай, жалған ұятты қойып, оның қыр-қын, жүзін, жылын даңғазалап өткізбей, әруақты еске алып, қарапайым ғана дастарқанда, өз жақын-жуығыңмен өткізуге, құран бағыштап қоюға әбден болады. Сондықтан осы мәселені реттеп, жолға қоюды жергілікті жерлердің имамдарына тапсырамын және халықтан өтінемін», – деді мүфти өз сөзінде.

– Жамағат, біз де осынау дәстүрге ден

Рухани жаңғыру аясында

қойғанымыз жөн. Бүкіл әлемде экономикалық дағдарыс етек алып жатқан кезеңде аста-төк дастарқан мен ысырапшылықтың бізге қажеті бар ма? Неге біз өзгенің дастарқанындай етіп жасауға ұмтыламыз? Кейбіреулердің осындай құдайжолы-астарды өткізу үшін несиа алып, ақырында оны төлей алмай, қарызға батып, сотқа сүйретіліп жүргенін байқап қаламыз. Бұл әдеттен жаппай бас тартып, дін қаламаған, шарият жақтырмаған ысырапты доғаратын мезгіл жетті, – деді имам өз уағызында. Имамның айтқандарын жиналған қауымым қостаған сынай танытты. Шындығында бұл мәселе аса түйткілді және қарапайым халық үшін өте ыңғайлы, көпшіліктің көңілінен шығатын жәйт.

Құдай жолыдан шыққасын қала тұрғындарының біразын осы мәселеге қатысты сөзге тарттым. Олардың бәрі де иманың айтқанын қолдап-қуаттайтынын, жалған намыс пен бос ұятсығанды қою керектігін, құдай жолы-астың тағамдарын лайықты етіп, азайту қажеттігін айтты. Расында, біз қазақ қайда бара жатырмыз?! Әр нәрсенің шеті мен шегі, реті, мән-мағынасы болуы керек қой. «Ысырап – күнәнің ең үлкені» деп отыратын біздің бала кезіміздегі ата-әжеріміз. Неге біз соны біле тұра өзімізді күнәге итермелейміз? Заман мен уақыттың талабына қарай өмір сүруді, артық хәм қажетсіз, отбасымызға ауыртпалық әкелетін бұрыс әдеттерден арылуға ұмтылуымыз керектігін ұғынайықшы. Осы мақаланы оқып, тиісті қортынды шығаруға ниет еткен, қолдап қуаттайтын жандарға Алланың нұры құйылып, шапағаты жаусын, жинағандарыңыз игіліктеріңізге бұйырсын!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ПОРТАЛЫН ЕНГІЗУ

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүгедектігі бар адамдардың ыңғайлылығы және көрсетілетін қызметтер мен техникалық оңалту құралдарының сапасын арттыру мақсатында әлеуметтік қызметтер порталын әзірлеп, енгізетін болады.

Әлеуметтік қызметтер порталы мүгедектігі бар адамдарға тікелей жеткізушілерден оңалту құралдары мен қызметтерін өз бетінше сатып алу мүмкіндігін беретін автоматтандырылған жүйе болып табылады.



Мемлекет тарапынан техникалық құралдар мен оңалту қызметтерінің құнын өтеу тетігі көзделді. Портал тұтынушы неғұрлым қымбат тауарлар мен қызметтерді таңдаған кезде қосымша ақы төлеу мүмкіндігін қарастырады.

Жалпы әлеуметтік қызметтер Порталы 5 үдерісті цифрлауды көздейді:

- 1) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;
- 2) техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету;
- 3) ымдау тілі маманының қызметтерін көрсету;
- 4) жеке көмекшінің қызметін көрсету;
- 5) санаторий-курорттық емдеу қызметтерін көрсету.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 5 бизнес-үдерістің 2-ін порталға ауыстыру жоспарлануда: бұл арнайы әлеуметтік қызметтер және жеке бейімдеуді талап етпейтін техникалық оңалту құралдарының (ТОҚ) 24 түрімен қамтамасыз ету.

Қалған процестерді 2020 жылдың

бірінші жарты жылдығында ендіру жоспарлануда.

Мүгедектігі бар адамдарды оңалту құралдарымен және қызметтермен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында 2020 жылы оңалту тауарлары мен қызметтері баламалы негізде – Портал арқылы және қолданыстағы тетіктер арқылы көрсетілетін болады.

Әлеуметтік қызметтер Порталына толық 2021 жылдан бастап өту жоспарлануда.

Әлеуметтік қызметтер порталында тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілер үшін салық берешегін, банкроттықты, әділетсіздікті болдырмайтын талаптар қойылатын болады.

Өнім берушілер міндеттемелерін тиісінше орындалмаған, жосықсыз болған жағдайда оларды әлеуметтік қызметтер Порталынан алып тастау бойынша шаралар көзделетін болады.

Бұл адал бәсекелестікті арттырады және әлеуетті өнім берушілердің оңалту құралдары мен қызметтерін жеткізуге қатысуының ашықтығын қамтамасыз етеді.

Қызмет алушылар порталды өз бетінше немесе Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері қызметкерлерінің көмегімен пайдалана алады.

Порталды енгізу ұсынылатын техникалық оңалту құралдары мен қызметтердің сапасын жақсартуға, оларды алудың мерзімдері мен атаулылығын қысқартуға, техникалық оңалту құралдары мен қызметтерге нақты қажеттілікті анықтауға мүмкіндік береді.

2019 жылдың 1 қарашасынан бастап портал пайдаланушылары үшін 1411 нөмірі бойынша call-center жұмыс істейді.

Әлеуметтік қызметтер порталында тіркелу мақсатында барлық мүгедектігі бар адамдар тұрғылықты жері бойынша ХҚКО-ның «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ-на электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) шығару қажет.

«Приозерск қ. жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

ВНЕДРЕНИЕ ПОРТАЛА СОЦИАЛЬНЫХ УСЛУГ



Министерством труда и социальной защиты населения Республики Казахстан в целях для удобства лиц с инвалидностью и повышения качества предоставляемых услуг и технических средств реабилитации разработана и будет внедрен Портал социальных услуг.

Портал социальных услуг представляет собой автоматизированную систему, предоставляющую лицам с инвалидностью возможность самостоятельного приобретения средств и услуг реабилитации непосредственно у поставщиков.

Со стороны государства предусматривается механизм возмещения стоимости технических средств и услуг реабилитации. Порталом дополнительно предусматривается возможность доплаты при выборе потребителем более дорогих товаров и услуг.

В целом Портал социальных услуг предполагает оцифровку 5-и процессов:

- 1) оказание специальных социальных услуг;
- 2) обеспечение техническими средствами реабилитации;
- 3) оказание услуг специалиста жестового языка;
- 4) оказание услуг индивидуального помощника;
- 5) оказание услуг санаторно-курортного лечения.

С 1 января 2020 года планируется перевод 2 из 5 бизнес-процессов на портал: это специальные социальные услуги и обеспечение 24 видами техническими средствами реабилитации (ТСР), не требующих

индивидуальной адаптации.

Остальные процессы планируется доработать в первом полугодии 2020 года.

В целях бесперебойного обеспечения лиц с инвалидностью средствами реабилитации и услугами в 2020 году товары и услуги реабилитации будут оказываться на альтернативной основе – через Портал и через существующие механизмы.

На Портал социальных услуг полностью перейти планируется с 2021 года.

Для Поставщиков товаров, работ и услуг на Портале социальных услуг будут предъявлены требования, исключающие налоговую задолженность, банкротство, недобросовестность.

В случае ненадлежащего исполнения обязательств, недобросовестности Поставщиков будут предусмотрены меры по исключению их из Портала социальных услуг.

Это повысит добросовестную конкуренцию и обеспечит прозрачность участия потенциальных поставщиков в реализации средств и услуг реабилитации.

Получатели услуг смогут воспользоваться порталом самостоятельно или с помощью сотрудников отделов занятости и социальных программ.

Внедрение Портала позволит улучшить качество предоставляемых Технических средств реабилитации и услуг, сократить сроки и адресность их получения, определить реальную потребность в Технических средствах реабилитации и услугах.

С 1 ноября 2019 года для пользователей портала будет работать call-center по номеру 1411.

В целях регистрации на Портале социальных услуг всем лицам с инвалидностью необходимо выписать электронную цифровую подпись (ЭЦП) в НАО «Правительство для граждан», в простонародье - ЦОНЫ, по месту жительства.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

«Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ «Аппарат Приозерского городского маслихата» 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных ***

«Приозерск қаласы әкім аппараты» ММ сенім телефоны 5-41-53

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Аппарат Аким города Приозерск» 5-41-53

График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Аким (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов

Заместитель Аким (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45

График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник- четверг с 16.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сенім телефоны 5-28-57

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» 5-28-57

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының жер қатынастары, саулет және қала

құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48 ***

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-48-77.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск»: 5-48-77.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел образования города Приозерск» 5-32-92

График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.

График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нін сенім телефоны 5-29-62.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.

Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час. ***

«Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» 5-32-19, 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

Мемлекет басшысы "Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасын ілгерілету аясында жүктеген міндеттерді орындау, мемлекеттік органдар жұмысының азаматтарымен ашық қарым-қатынас жасауға бағытталған жаңа форматын жандандыру мәселесін көтеріп отыр.

Осыған орай 2019 жылдың 21 қараша күні сағ 10.00-18.00 -де әкім аппаратының мәжіліс залында (Пушкин көшесі, 1 қабат) "Бірыңғай (Ұлттық) азаматтарды қабылдау күні" жалпы республикалық іс-шарасы өтетінін хабарлаймыз және іс-шараға қатысуларыңызды сұраймыз.

Азаматтарды қабылдау бойынша осы телефон арқылы тіркелуге болады: 5-30-06; 5-40-30; 5-40-48

Приозерск қаласы әкімінің аппараты

ВНИМАНИЕ, АКЦИЯ!

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ И ГОСТИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК !

15 и 16 ноября 2019 года, с 09:00 по 19:00 часов сотрудниками ОП г.Приозерск проводится очередной этап Республиканской акции «Приемная на дороге», который пройдет в здании «Нұр-Отан», по адресу: ул. Балхашская, дом №5.

Также, в данный период будет проходить акция «Приемная во дворах», которая пройдет в УПП (участковый пункт полиции) №1 по ул. Космонавтов дом №5 и в УПП (участковый пункт полиции) №2 по ул. Женис дом №28.

Отдел полиции города Приозерск

Помощь нуждающимся

ИНФОРМАЦИЯ

по оказанию социальной поддержки больным туберкулезом за 10 месяцев 2019 года

На учете в КГП «Центральная больница города Приозерск» состоит 19 человек больных туберкулезом, из них 11 человек получают бесплатное лечение.

На основании Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Приозерск, утвержденные решением Приозерского маслихата от 25 июня 2014 года № 34/238 оказана материальная помощь на питание и лечение 9 чел. больным туберкулезом в размере 25 расчетных показателей, что составило 63 125 тенге каждому, на общую сумму 568,1

тыс. тенге.

В честь празднования Наурыз Мейрамы оказана материальная помощь 13 чел. больным туберкулезом в размере 5000 тенге, на общую сумму 65,0 тыс. тенге.

В здании ГУ «Отдел занятости и социальных программ г.Приозерск» работает пункт приема бывших в употреблении вещей, за истекший период 2019 года б/у вещами обеспечено 7 чел. больных туберкулезом.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск»

БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНАН БОСАТЫЛҒАН ЖӘНЕ ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕСЕБІНДЕ ТҮРҒАН АДАМДАРДЫ БЕЙІМДЕУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 10 АЙЫНА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ

Приозерск қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 07 ақпандағы №5/18 қаулысына сәйкес, пробация қызметінің қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру бойынша консультативтік-кеңесші органның комиссиясы құрылған, комиссия құрамына пробация қызметінің өкілдері, мемлекеттік мекемелердің басшылары, Приозерск қаласының жергілікті полиция қызметі бөлімшесі және Приозерск қаласының орталық аурухана өкілдері кіреді. Ағымдағы жылы консультативтік-кеңесші органның бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес, кезекті 3 отырыс және кезектен тыс 4 отырыс өткізілді.

Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы № 34/238 шешімімен бекітілген «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін бегілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту

туралы» Ережесінің негізінде ағымдағы жылы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған 6 адамға жалпы сомасы 227 250 теңге материалдық көмек көрсетілді.

Сонымен қатар, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасына сәйкес, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған 2 азаматқа азық-түлік себеті түрінде заттай көмек көрсетіліп, бұрын қолданылған киімдер берілді.

Приозерск қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 11 ақпандағы № 6/26 «Приозерск қаласы азаматтарының жекелеген санаттарының жұмысқа орналастыру үшін 2019 жылға арналған жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы» қаулысы негізінде, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға жұмысқа орналасу үшін 8 жұмыс орны берілген, оның ішінде квота бойынша 2 азамат тұрақты жұмысқа орналасты, яғни «Приозерск қаласының орталық ауру-

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

Глава государства поднимает вопрос выполнения задач, поставленных в рамках нового формата "Слышащего государства" работы государственных органов, направленные на открытое общение с гражданами.

21 ноября 2019 года с 10.00 до 18.00 часов, в зале заседаний аппарата акима (ул. Пушкина, 7; 1 этаж) состоится общереспубликанское мероприятие "Единый (национальный) день приема граждан", в связи с чем просим вас принять участие в данном мероприятии.

Телефон для регистрации: 5-30-06; 5-40-30; 5-40-48

Аппарат акима города Приозерск

МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС

ШАҒЫН НЕСИЕ
✓ зейнеткерлер мен жұмыс істейтіндерге
✓ 5 000 теңгеден 400 000 теңгеге дейін
✓ кепілдіксіз екі аптадан алты жылға дейін
✓ несие тарихы бұзылған қарыз алушыларға
✓ 15 минутта!



МИКРОКРЕДИТЫ
✓ для пенсионеров и работающих
✓ от 5 000 до 400 000 тг
✓ без залога
✓ от двух недель до шести лет
✓ за 15 минут
✓ заемщикам с испорченной кредитной историей!

Г. БАЛХАШ, УЛ. БАЙСЕИТОВОЙ, Д. 8.

МАГАЗИН «МАСТЕРСКАЯ ЧУДЕС», 8 747 367 15 25, 8 (710 36) 4 87 28

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының Ұлттық Экономика Министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті «Казэнергоцентр» ЖШС Приозерск қаласының тұтынушылары үшін электр қуатымен қамтамасыз ету қызметтерінің шекті құнынның келісілуіне байланысты, маңызды нарық субъектісінің хабарландыруын қарастыру жөнінде қоғамдық тыңдау өткізеді.

Жиналыс 2019 жылдың 21 қарашасында, сағат 15:00 өткізіледі, мекен жайы: Приозерск қаласы, Космонавтов көшесі, 2 үй

«Казэнергоцентр» ЖШС әкімшілігі

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий и защите конкуренции Министерства национальной экономики РК по Карагандинской области проводит публичные слушания по рассмотрению уведомления субъекта общественно значимого рынка ТОО «Казэнергоцентр» о предстоящем повышении предельной цены на услуги электроснабжения для потребителей

Встреча состоится 21 ноября 2019 года в 15:00 часов, по адресу: г.Приозерск ул.Космонавтов - 2.

Администрация ТОО «Казэнергоцентр»

Жұмыс қорытыланды

ғамдық жұмыстарға, тұрақты жұмыстарға, шағын несие беруге, мемлекеттік гранттар беруге, қайта даярлау немесе кәсіптік даярлау курстарына жіберу сияқты мемлекеттік қолдаудың барлық түрлерін ұсынады.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

ОБЪЯВЛЕНИЕ НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

Открыто после смерти Трифонова Станислава Михайловича, умершего 29 октября 2019 года.

Имеющимся наследникам обратиться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б.

Тел. 8 7751627005

Открыто после смерти Попова Михаила Сергеевича, умершего 20 июня 2019 года.

Имеющимся наследникам обратиться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б.

Тел. 8 7751627005

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 46/638. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.